| | |
|---|---|
| Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және «Академиялық адалдық лигасы» жоғары оқу орындарының қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестіктері (бұдан әрі мәтін бойынша – Қауымдастық) қызмет етуінің құқықтық негіздерін айқындайды. | Настоящий Устав разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан и определяет правовые основы функционирования объединения юридических лиц «Ассоциация высших учебных заведений «Лига Академической честности» (далее по тексту - Ассоциация). |
| **Бірінші бөлім.**<br>**Жалпы ережелер**<br><br>**1-БАП. ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ**<br><br>1.1. Қауымдастық Құрылтайшылардың Жалпы жиналысымен (2018 жылғы 28 тамыздағы № 1-хаттама) құрылған, өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 16.01.2001 ж. № 142 Заңын (бұдан әрі – Заң), «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. № 319-III Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны басшылыққа алады.<br><br>1.2. Қауымдастықтың атауы:<br>**қазақ тілінде:**<br>- толық атауы: «Жоғары оқу орындарының қауымдастығы «Академиялық адалдық лигасы» заңды тұлғалардың бірлестіктері;<br>- қысқартылған атауы: «Академиялық адалдық лигасы».<br>**орыс тілінде:**<br>- толық атауы: объединение юридических лиц «Ассоциация высших учебных заведений «Лига академической честности»;<br>- қысқартылған атауы: «Лига академической честности».<br>**ағылшын тілінде:**<br>- толық атауы: association of legal entities «Association of Higher Educational Institutions «Academic Integrity League»;<br>- қысқартылған атауы: «Academic | **Первый раздел.**<br>**Общие положения**<br><br>**СТАТЬЯ 1. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС**<br><br>1.1. Ассоциация образована Общим собранием учредителей (протокол №1 от «28» августа 2018 года), в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан от 16.01.2001 г. № 142 «О некоммерческих организациях» (далее - Закон), Законом Республики Казахстан от 27.07.2007 г. № 319 - III «Об образовании», иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.<br><br>1.2. Наименование Ассоциации:<br>**на государственном языке:**<br>- полное наименование: «Жоғары оқу орындарының қауымдастығы «Академиялық адалдық лигасы» заңды тұлғалардың бірлестіктері;<br>- сокращенное: «Академиялық адалдық лигасы».<br>**на русском языке:**<br>- полное наименование: объединение юридических лиц «Ассоциация высших учебных заведений «Лига академической честности»;<br>- сокращенное: «Лига академической честности».<br>**на английском языке:**<br>- полное наименование: association of legal entities «Association of Higher Educational Institutions «Academic Integrity |

| | |
|---|---|
| Integrity League».<br>1.3. Қауымдастықтың Атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қорғалжын тас жолы, 8, 614-кеңсе.<br>1.4. Мемлекеттік органдармен, мекемелермен және өзге үшінші тұлғалармен іскерлік хат алмасуды жүзеге асыру кезінде мынадай атауы қолданылады:<br>– қазақ тілінде:<br>«Академиялық адалдық лигасы» заңды тұлғалардың бірлестіктері;<br>– орыс тілінде:<br>объединение юридических лиц «Лига академической честности»;<br>– ағылшын тілінде:<br>association of legal entities «Academic Integrity League».<br>1.5. Заңды тұлғалар – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары Қауымдастықтың құрылтайшылары болып табылады.<br>1.6. Қауымдастық коммерциялық емес ұйым болып табылады, ол заңды тұлғаның барлық құқықтарымен Қауымдастық нысанында заңды тұлғалардың бірлестігін білдіреді. Қауымдастық мемлекеттік тіркелген сәттен бастап тиісті заңды тұлғаның құқықтарын иеленеді.<br>1.7. Қауымдастықтың қаржы және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.<br>1.8. Қауымдастықтың өз мүшелерінің (құрылтайшыларының) мүлкінен оқшауланған мүлкі бар және Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.<br>Қауымдастық өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.<br>1.9. Қауымдастықтың мүшелері (құрылтайшылары) оның міндеттемелері бойынша, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, қауымдастықтың құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен және мөлшерде ортақ жауаптылықта болады.<br>1.10. Қауымдастықтың дербес балансы, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, банк | League»;<br>- сокращенное: «Academic Integrity League».<br>1.3. Местонахождение Исполнительного органа Ассоциации: Республика Казахстан, 010000, город Астана, район Есиль, шоссе Қорғалжын, 8, офис 614.<br>1.4. При осуществлении деловой переписки с государственными органами, учреждениями и иными третьими лицами применяется следующее наименование:<br>- на государственном языке: «Академиялық адалдық лигасы» заңды тұлғалардың бірлестіктері;<br>- на русском языке: объединение юридических лиц «Лига академической честности»;<br>- на английском языке: association of legal entities «Academic Integrity League».<br>1.5. Учредителями Ассоциации являются юридические лица - организации высшего и (или) послевузовского образования, зарегистрированные в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.<br>1.6. Ассоциация является некоммерческой организацией, представляющей собой объединение юридических лиц в форме ассоциации со всеми правами юридического лица. Ассоциация приобретает права соответствующего юридического лица с момента ее государственной регистрации.<br>1.7. Финансовая и производственная деятельность Ассоциации осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.<br>1.8. Ассоциация обладает имуществом, обособленным от имущества своих членов (учредителей), и не отвечает по их обязательствам, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан.<br>Ассоциация несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.<br>1.9. Члены (учредители) ассоциации несут субсидиарную ответственность по ее обязательствам в размере и порядке, предусмотренным учредительными документами ассоциации (союза), если иное не установлено законами Республики Казахстан. |

| | |
|---|---|
| шоттары, оның ішінде валюталық шоты бар.<br>1.11. Қауымдастықтың өз тауарлық белгісі мен рәміздері бар, олардың үлгілері құрылтайшылардың Жалпы жиналысымен бекітіледі және белгіленген тәртіппен тіркеледі, сондай-ақ қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мөртабаны, фирмалық бланкілері және көрнекі сәйкестендірудің басқа құралдары бар.<br>1.12. Қауымдастық Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.<br>1.13. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Қауымдастық оның орналасуынан тыс жерде, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде Қауымдастықтың атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдарды (өкілдіктерді) құруға құқылы.<br>1.14. Қауымдастықтың ресми тілдері қазақ және орыс тілдері болып табылады. Жұмыс тілдері қазақ, орыс және ағылшын тілдері болып табылады.<br>1.15. Құрылтай шарты және осы Жарғы Қауымдастықтың құрылтай құжаттары болып табылады, олар Қауымдастықтың барлық құрылымдық бөлімшелердің қызметіне таралады.<br>1.16. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Жарғымен танысуға құқылы.<br>1.17. Қауымдастық қызметінің мерзімі шектелмеген. | 1.10. Ассоциация имеет самостоятельный баланс, печать с указанием полного фирменного наименования на государственном, русском и английском языках, банковские счета, в том числе валютный.<br>1.11. Ассоциация имеет свой товарный знак и символику, образцы, которых утверждаются Общим собранием учредителей и регистрируются в установленном порядке, а также штампы на государственном, русском, английском языках, фирменные бланки и другие средства визуальной идентификации.<br>1.12. Ассоциация вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в Уставных капиталах юридических лиц.<br>1.13. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Ассоциация вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Ассоциации на основании Положения о них.<br>1.14. Официальными языками Ассоциации являются государственный, русский. Рабочими языками являются государственный, русский и английский.<br>1.15. Учредительным документом Ассоциации является учредительный договор и настоящий Устав, которые распространяются на деятельность всех структурных подразделений Ассоциации.<br>1.16. Все заинтересованные лица вправе ознакомиться с настоящим Уставом в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.<br>1.17. Срок деятельности Ассоциации не ограничен. |

| | |
|---|---|
| **2-БАП. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ** | **СТАТЬЯ 2. ПРИНЦИПЫ АКАДЕМИЧЕСКОЙ ЧЕСТНОСТИ** |
| 2.1. Қауымдастықтың негізгі мақсаты академиялық адалдық принциптерін жүзеге асыру және ілгерілету арқылы білім сапасын арттыру болып табылады. | 2.1. Основной целью Ассоциации является повышение качества образования путем реализации и продвижения принципов академической честности. |
| 2.2. Қауымдастық төменде көрсетілген принциптерді Қауымдастық мүшесінің академиялық адалдығының сөзсіз және базалық негізі ретінде бекітеді. Қандай түрінде орын алса да немесе артынан қандай салдарларға әкеп соқтырса да, көрсетілген принциптерді бұзуға және қалдыруға жол берілмейді және Қауымдастықтағы мүшелікке сай емес. | 2.2. Ассоциация утверждает нижеуказанные принципы как безоговорочную и базовую основу академической честности члена Ассоциации. Нарушение, а также оставление указанных принципов, в чем бы оно не выражалось и каких бы последствий за собой не принесло, недопустимо и несовместимо с членством в Ассоциации. |
| **№ 1-принцип.** Академиялық адалдық Лиганың әрбір мүшесінің, оның білім беру процесінің және зерттеулерінің ең басты құндылығы болып табылады. | **Принцип № 1.** Академическая честность является ключевой ценностью каждого члена Лиги, его образовательного процесса и исследований. |
| **№ 2-принцип.** Лиганың әрбір мүшесі академиялық адалдықтың айқын, әділ және дәйекті стандарттарының, дәйексөз келтіру ережелерінің және мінез-құлық ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. | **Принцип № 2.** Каждый член Лиги обеспечивает соблюдение четких, справедливых и объективных стандартов академической честности, правил цитирования и поведения. |
| **№ 3-принцип.** Лиганың әрбір мүшесі академиялық және/немесе зерттеу мақсаттарына ұсынылған, олардың сипатына, мазмұны мен көлеміне қарамастан, барлық жазбаша жұмыстарын плагиатқа міндетті тексеруді қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады. | **Принцип № 3.** Каждый член Лиги несет ответственность за обеспечение обязательной проверки на плагиат всех письменных работ, независимо от их характера, содержания и объема, представленных для академических и / или исследовательских целей. |
| **№ 4-принцип.** Лиганың әрбір мүшесі академиялық адалдық принциптері мен стандарттарын бұзғаны үшін білім алушылардың жауапкершілігін қамтамасыз етеді. | **Принцип № 4.** Каждый член Лиги обеспечивает ответственность обучающегося за нарушение им принципов и стандартов академической честности. |
| **№ 5-принцип.** Лиганың әрбір мүшесі оқу нәтижелерін әділ әрі дұрыс бағалаудың өз жүйесі аясында білім алушыларға қатысты жоғары талаптарды белгілейді. | **Принцип № 5.** Каждый член Лиги предъявляет повышенные требования к обучающимся в рамках своей системы справедливой и объективной оценки результатов обучения. |
| **№ 6-принцип.** Лиганың әрбір мүшесі тек үздіктерге ғана өз оқуын бітіруге мүмкіндік береді. | **Принцип № 6.** Каждый член Лиги предоставляет лишь лучшим возможность завершить свое обучение. |
| **№ 7-принцип.** Лиганың әрбір мүшесі кадрларды даярлау сапасы үшін жауаптылықта болады, ол дипломмен расталған. | **Принцип № 7.** Каждый член Лиги несет ответственность за качество подготовки кадров, подтвержденное его дипломом. |
| **№ 8-принцип.** Лиганың әрбір мүшесі академиялық адалдық принциптері мен стандарттарын, өзара сыйластық пен әділдікті дарытатын ұстаз ретінде оқытушының биік жауаптылығын | **Принцип № 8.** Каждый член Лиги обеспечивает высокую ответственность преподавателя как ментора, прививающего принципы и стандарты академической честности, взаимное уважение и справедливость. |

| | |
|---|---|
| қамтамасыз етеді.<br>**№ 9-принцип.** Лиганың әрбір мүшесі академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау білім беру ұйымындағы барлық білім алушылар мен қызметкерлердің ортақ күштерінің нәтижесі болып табылатындығын мойындайды.<br>**№ 10-принцип.** Лиганың әрбір мүшесі өзіне жүктелген, оның ішінде Лига қызметінің негізгі принциптерін адал орындауға міндеттенеді. Ол Жарғы не Лига актілеріне сәйкес міндеттемелерді орындамағаны, сондай-ақ академиялық адалдық принциптері мен стандарттарын, оның ішінде Лига қызметінің негізгі принциптерін бұзғаны үшін ұйымнан шығарылуы мүмкін екенін түсінеді. | **Принцип № 9.** Каждый член Лиги признает, что продвижение и защита академической честности являются результатом взаимных усилий всех обучающихся и сотрудников в организации образования.<br>**Принцип № 10.** Каждый член Лиги обязуется добросовестно выполнять возложенные на него обязательства, в том числе основные принципы деятельности Лиги. Он понимает, что может быть исключен из организации за нарушения невыполнение обязательств согласно Устава или актов Лиги, а также принципов и стандартов академической честности, в том числе основных принципов деятельности Лиги. |
| **3-БАП. ҚАУЫМДАСТЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ**<br>3.1. Қауымдастықтың негізгі мақсаты академиялық адалдық принциптерін жүзеге асыру және ілгерілету арқылы білім сапасын арттыру болып табылады.<br>3.2. Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін Қауымдастық мынадай қызмет түрлерімен (қызметтің нысанасы) айналысады:<br>1) Қазақстан Республикасының білім сапасы мәселелеріне қатысты және Қауымдастық мүшелерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу мен жетілдіруге қатысу;<br>2) ғылыми ұйымдар мен білім беру ұйымдарында академиялық адалдық принциптерін жүзеге асыруға көмектесу;<br>3) өз мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен мүдделерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін Қауымдастықтың жұмысқа қабілетті инфрақұрылымын құру;<br>4) барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Қауымдастықтың құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау;<br>5) оқыту мен біліктілікті арттыруды қоса алғанда, білім беру ұйымдарының және ғылыми ұйымдардың қызметкерлері мен профессор-оқытушылық құрамы арасында академиялық адалдық принциптерін ілгерілету бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;<br>6) мониторингті жүзеге асыру және білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдар | **СТАТЬЯ 3. ЦЕЛИ, ЗАДАЧИ И ВИДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АССОЦИАЦИИ**<br>3.1. Основной целью Ассоциации является повышение качества образования путем реализации и продвижения принципов академической честности.<br>3.2. Для достижения указанной цели Ассоциация занимается следующими видами деятельности (предмет деятельности):<br>1) участие в разработке и совершенствовании нормативных правовых актов Республики Казахстан, касающихся вопросов качества образования и затрагивающих интересы членов Ассоциации;<br>2) содействие реализации принципов академической честности в научных организациях и организациях образования;<br>3) создание работоспособной инфраструктуры Ассоциации, обеспечивающей реализацию прав, обязанностей и интересов ее членов;<br>4) предоставление и защита прав и интересов Ассоциации во всех государственных органах и организациях;<br>5) осуществление мероприятий по продвижению принципов академической честности среди сотрудников и профессорско-преподавательского состава организаций образования и научных организаций, включая их обучение и повышение квалификации;<br>6) осуществление мониторинга и |

| | |
|---|---|
| қызметінің академиялық адалдықтың стандарттарына сәйкестігіне талдау жүргізу;<br>7) олардың бастамасы бойынша немесе өзінің бастамасымен білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдар қызметінің академиялық адалдық стандарттарына сәйкестігін талдау және мониторинг жүзеге асыру;<br>8) білім сапасын арттыруға және академиялық адалдықтың институционалдық дамуына бағытталған кез келген зерттеу бастамалары мен жобаларын жүзеге асыруға көмектесу;<br>9) білім сапасы және академиялық адалдық мәселелерінде ғылыми ұйымдар мен білім беру ұйымдарының арасындағы ақпараттық алмасуға көмектесу;<br>10) білім сапасы және академиялық адалдық мәселелері бойынша принциптерді, стандарттарды, әдістемелік нұсқаулықтар мен басқа да материалдарды әзірлеу мен енгізу;<br>11) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған және академиялық адалдық принциптерін жүзеге асыру мен ілгерілету арқылы білім сапасын арттыруға ықпал ететін басқа қызмет түрлерін ұйымдастыру.<br>3.3. Қауымдастық Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге қызметті жүзеге асыруға құқылы.<br>3.4. Қауымдастық, тізілімі заңнамалық актілермен белгіленетін қызметтің жекелеген түрлерімен лицензия негізінде ғана айналыса алады. | проведение анализа соответствия стандартам академической честности деятельности организаций образования и научных организаций;<br>7) осуществление мониторинга и анализа соответствия стандартам академической честности деятельности организаций образования и научных организаций по их инициативе либо по собственной инициативе;<br>8) содействие реализации любых исследовательских инициатив и проектов, направленных на повышение качества образования и институциональное развитие академической честности;<br>9) содействие информационному обмену среди научных организаций и организаций образования в вопросах качества образования и академической честности;<br>10) разработка и внедрение принципов, стандартов, методических руководств и других материалов по вопросам качества образования и академической честности;<br>11) организация других видов деятельности, не запрещённых законодательством Республики Казахстан и способствующих повышению качества образования путем реализации и продвижения принципов академической честности;<br>3.3. Ассоциация вправе осуществлять иную деятельность, не противоречащую действующему законодательству Республики Казахстан.<br>3.4. Отдельными видами деятельности, перечень которых определяется законодательными актами, Ассоциация может заниматься только на основании лицензии. |
| **4-БАП. ҚАУЫМДАСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**<br>4.1. Қауымдастық өзіне жүктелген барлық функцияларды жүзеге асыруға міндетті, оның ішінде:<br>1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;<br>2) салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгіленген тәртіппен төлеуге;<br>3) өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі (мекемелерді қоспағанда) бүкіл мүлікпен жауап беруге; | **СТАТЬЯ 4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ АССОЦИАЦИИ**<br>4.1. Ассоциация обязана осуществлять все возложенные на него функции, в том числе:<br>1) соблюдать законодательство Республики Казахстан;<br>2) уплачивать налоги и другие обязательные платежи в бюджет в установленном порядке;<br>3) отвечать по своим обязательствам всем принадлежащим им имуществом (за исключением учреждений); |

| | |
|---|---|
| 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапты болуға.<br>4.2. Қауымдастық Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген барлық құқықтарды пайдаланады, оның ішінде:<br>1) оқшауланған мүлікті иеленуге;<br>2) өзінің міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндіріп алынуы мүмкін өзіне тиесілі мүлік шеңберінде жауап беруге;<br>3) мәмілелерді (шарттарды, келісімшарттарды) жасасуға, мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды иеленуге және міндеттерді орындауға, сотта жауапкер әрі талап қоюшы болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа іс-әрекеттерді жүзеге асыруға;<br>4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сенімхаттарды беруге;<br>5) жаңа технологияларды, «ноу-хау» және зияткерлік меншіктің басқа да объектілерін иеленуге және иелену мен пайдалану үшін құқықтарды ұсынуға;<br>6) шетелде қызмет жүргізуге, оның ішінде Қазақстан Республикасының және шет елдерінің аумағында бірлескен кәсіпорындарды, халықаралық бірлестіктерді және шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуға;<br>7) қазақ және орыс тілдерінде ұйымның толық атауы жазылған мөрі, мөртабаны және бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген эмблемасы (рәміздері) бар;<br>8) филиалдар мен өкілдіктерді ашуға;<br>9) Жарғыда көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға қаражаттарды пайдалануға;<br>10) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге құқықтарды жүзеге асыруға.<br>4.3. Сондай-ақ Қауымдастық өз мүшелерінің хабарына дейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәсілмен Қауымдастық қызметі туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.<br>Қауымдастық мүшелерінің мүдделерін | 4) нести ответственность в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан.<br>4.2. Ассоциация пользуется всеми правами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом, в том числе:<br>1) иметь обособленное имущество;<br>2) отвечать по своим обязательствам в пределах принадлежащего ему имущества, на которое может быть обращено взыскание только в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;<br>3) заключать сделки (договоры, контракты), приобретать имущественные и личные неимущественные права и нести обязанности, выступать истцом и ответчиком в суде, а также осуществлять другие действия, не противоречащие законодательству Республики Казахстан;<br>4) выдавать доверенности в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;<br>5) приобретать и предоставлять права за владение и использование новых технологий, «НОУ-ХАУ» и других объектов интеллектуальной собственности;<br>6) вести деятельность за рубежом, в том числе участвовать в создании и деятельности на территории Республики Казахстан и зарубежных стран совместных предприятий, международных объединений и организаций с участием иностранных юридических и физических лиц;<br>7) иметь печать, штампы и бланки с полным наименованием организации на государственном и русском языках, а также эмблему (символику), зарегистрированную в установленном порядке;<br>8) открывать филиалы и представительства;<br>9) использовать средства на осуществление предусмотренных в уставе целей;<br>10) осуществлять иные права, не противоречащие законодательству Республики Казахстан<br>4.3. Ассоциация также обязана доводить до сведения своих членов информацию о деятельности Ассоциации, способом определенным законодательством Республики Казахстан. |

| | |
|---|---|
| қозғайтын ақпарат ретінде:<br>1) Құрылтайшылардың Жалпы жиналысымен және Қауымдастық кеңесімен қабылданған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;<br>2) Қауымдастықтың қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға лицензияларды алуы, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға бұрын алынған лицензиялар қызметінің тоқтата тұруы не тоқтатуы;<br>3) заңды тұлғаны құруға Қауымдастықтың қатысуы;<br>4) жаңа мүшелерді қабылдау, сондай-ақ Қауымдастықтан мүшелерді шығару;<br>5) коммерциялық емес ұйымды қайта ұйымдастыру және қызметін тоқтату шарттары;<br>6) Қауымдастықтың мүлкін пайдалану тәртібі;<br>5) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес өз мүшелерінің мүдделерін қозғайтын өзге ақпарат танылады.<br>4.4. Қауымдастықтың өз мүшелерінің мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпарат Заңға және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. | Информацией, затрагивающей интересы членов Ассоциации, признаются:<br>1) решения, принятые Общим собранием Учредителей и Советом Ассоциации, и информация об исполнении принятых решений;<br>2) получение Ассоциацией лицензий на осуществление каких-либо видов деятельности, приостановление или прекращение действия ранее полученных лицензий на осуществление каких-либо видов деятельности;<br>3) участие Ассоциации в учреждении юридического лица;<br>4) прием новых членов, а также исключение действующих членов из Ассоциации;<br>5) условия реорганизации и прекращения деятельности некоммерческой организации;<br>6) порядок использования имущества Ассоциации;<br>5) иная информация, затрагивающая интересы его членов, в соответствии с настоящим Уставом и законодательством Республики Казахстан.<br>4.4. Предоставление информации о деятельности Ассоциации, затрагивающей интересы ее членов, осуществляется в соответствии с Законом и настоящим Уставом. |
| **5-БАП. МҮЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕРІ**<br>5.1. Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Қауымдастықтың меншігінде не жедел басқаруында Жарғыда көзделген өз қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті мүлкі, объектілері болуы мүмкін.<br>5.2. Ғимараттар, құрылғылар, үй-жайлар, өндірістік, әлеуметтік-мәдени мақсаттағы нысандар, ақшалар, жер учаскелері, көлік құралдары және Қауымдастық мүшелері оған жарна, тарту, қайырмалдық нысанында, мұра бойынша не басқа тәсілмен берген немесе өзінің есебінен сатып алынған, Қауымдастықтың балансындағы және оның меншігі болып табылатын өзге мүлік Қауымдастықтың мүлкі болып табылады.<br>Қауымдастықтың мүлкі осы Жарғыда айқындалған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қолданылады. | **СТАТЬЯ 5. ИСТОЧНИКИ ФОРМИРОВАНИЯ ИМУЩЕСТВА**<br>5.1. Ассоциация может иметь в собственности или оперативном управлении объекты, имущество, необходимое для обеспечения своей деятельности, предусмотренной Уставом, если это не противоречит законодательству Республики Казахстан.<br>5.2. Имуществом Ассоциации являются здания, сооружения, помещения, объекты производственного, социально-культурного назначения, деньги, земельные участки, транспортные средства и иное имущество, переданное Ассоциации ее членами в форме взноса, дара, пожертвования, по завещанию или другим образом, или приобретенное за свой счет, находящееся на балансе Ассоциации и являющееся его собственностью.<br>Имущество Ассоциации используется для реализации целей, определенных |

| | |
|---|---|
| 5.3. Мүлікті қалыптастыру көздері мыналар болып табылады: | настоящим Уставом. |
| 5.3.1. құрылтайшылар мен мүшелердің міндетті мүшелік жарналар мен ерікті аударымдар түрінде тұрақты және бір жолғы түсімдері; | 5.3. Источниками формирования имущества являются: 5.3.1. регулярные и единовременные поступления от учредителей и членов в виде обязательных членских взносов и добровольных отчислений; |
| 5.3.2. ерікті жеке жарналар, қайырмалдықтар және материалдық құралдар және материалдық емес салымдар, кәсіпорындар мен ұйымдардан, сондай-ақ шетел азаматтары мен ұйымдарынан жарналар; | 5.3.2. добровольные частные взносы, пожертвования и материальные средства и нематериальные вклады, взносы от предприятий и организаций, а также иностранных граждан и организаций; |
| 5.3.3. донорлық ұйымдар тарапынан нысаналы қаржыландыру (гранттар); | 5.3.3. целевое финансирования (гранты) со стороны донорских организаций; |
| 5.4.4. ақылы жұмыстарды, қызметтерді көрсетуден түсімдер; | 5.4.4. поступления от оказания платных работ, услуг; |
| 5.4.5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған өзге түсімдер. | 5.4.5. иные поступления, не запрещенные действующим законодательством Республики Казахстан. |
| Қауымдастықтың мүлкін қалыптастыруда салымшылардың ақшаны қоспағанда, заттық және өзге нысандардағы салымдары ақшалай нысанда бағаланады. | Вклады учредителей в формировании имущества Ассоциации в натуральной и иных формах, кроме денежной, оцениваются в денежной форме. |
| 5.4. Мұндай салымның құны айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселік мөлшеріне тең сомадан асып кеткен болса, оның бағасын тәуелсіз бағалаушы растауға тиіс. | 5.4. Если стоимость такого вклада превышает сумму, эквивалентную двадцати тысячам размерам месячных расчетных показателей, ее оценка должна быть подтверждена независимым оценщиком. |
| 5.5. Мүшелік жарналарды төлеу мөлшерін, мерзімі мен тәртібін құрылтайшылардың Жалпы жиналысы белгілейді. | 5.5. Размер, сроки и порядок уплаты членских взносов устанавливается Общим собранием учредителей. |
| 5.6. Қауымдастықтың қызметін қамтамасыз етуге қолданылатын, мерзімді және тұрақты жарналардан басқа, жекелеген іс-шараларды жүргізуге қажетті нысаналы жарналар болуы мүмкін. | 5.6. Кроме периодических и постоянных взносов, используемых для обеспечения деятельности Ассоциации, возможны целевые взносы необходимые для проведения отдельных мероприятий. |
| 5.7. Қауымдастық Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызмет есебінен қосымша қаржыландыру көздерін тартуға құқылы, себебі бұл оның жарғылық мақсаттарына сәйкес келеді. | 5.7. Ассоциация вправе привлекать в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, дополнительные источники финансирования, за счет предпринимательской деятельности, постольку, поскольку это соответствует ее уставным целям. |
| 5.8. Қауымдастықтың қаржы есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС талаптарына сәйкес жүргізіледі. | 5.8. Финансовая отчетность Ассоциации ведется в соответствии с законодательством Республики Казахстан и требованиями МСФО. |
| 5.9. Кәсіпкерлік қызметке салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. | 5.9. Налогообложение предпринимательской деятельности, осуществляется в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан. |
| 5.10. Кәсіпкерлік қызметтен кіріс Қауымдастық мүшелері (қатысушылары) бөліне алмайды және жарғылық | 5.10. Доходы от предпринимательской |

| | |
|---|---|
| мақсаттарға жұмсалады.<br>5.11. Қауымдастықтың атқарушы органы жыл сайын құрылтайшылардың Жалпы жиналысына өткен жылдың жылдық қаржылық есептілігін ұсынады.<br>5.12. Қауымдастықтың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін құрылтайшылардың Жалпы жиналысы тексеру комиссиясын сайлайды. | деятельности не могут распределяться между членами (участниками) Ассоциации и направляются на уставные цели.<br>5.11. Исполнительный орган ассоциации ежегодно предоставляет общему собранию учредителей годовую финансовую отчетность за истекший год.<br>5.12. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью Ассоциации, Общее собрание учредителей избирают ревизионную комиссию. |

| | |
|---|---|
| **6-БАП. ҚАУЫМДАСТЫҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**<br>6.1. Қауымдастық мүшесінің мынадай құқықтары бар:<br>1) Заңмен және осы Жарғымен көзделген тәртіппен Қауымдастықты басқаруға қатысу;<br>2) Қауымдастықтың қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде құрылтайшылардың Жалпы жиналысымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікпен танысу;<br>3) құрылтайшылардың Жалпы жиналысына Қауымдастықты басқару органдарына сайлау үшін кандидатураларды ұсыну;<br>4) Қауымдастық органдары қабылдаған шешімдерге сотқа шағымдану;<br>5) Қауымдастыққа оның қызметі туралы жазбаша сұрауларды жолдау және сұрау түскен күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде дәлелді жауап алу;<br>6) құрылтайшылардың Жалпы жиналысының күн тәртібіне ұсыныстарды енгізу;<br>7) құрылтайшылардың Жалпы жиналысының отырысын шақыруды талап ету.<br>6.2. Қауымдастық мүшесінің (құрылтайшысының) осы Жарғының 5-1-тармағында белгіленген құқықтарын шектеуге болмайды.<br>6.3. Мүшелердің Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өзге де құқықтары болуы мүмкін.<br>6.4. Мүшенің (құрылтайшының) міндеттері:<br>1) Жарғының, құрылтай шартының ережелерін және Қауымдастық принциптерін сақтау;<br>2) Қауымдастық қызметімен байланысты мәселелерді шешуге қажетті ақпаратты ұсыну;<br>3) барлық мүшелік жарналарды және құрылтайшылардың Жалпы жиналысымен бекітілген өзге төлемдерді уақытында және толық көлемде төлеу;<br>4) Қауымдастық немесе оның қызметтік, коммерциялық не заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын қызметі туралы | **СТАТЬЯ 6. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ЧЛЕНОВ АССОЦИАЦИИ**<br>6.1. Член Ассоциации имеет право:<br>1) участвовать в управлении Ассоциацией в порядке, предусмотренном Законом и настоящим Уставом;<br>2) получать информацию о деятельности Ассоциации, в том числе знакомиться с финансовой отчетностью, в порядке, определенном Общим собранием учредителей и настоящим Уставом;<br>3) предлагать общему собранию учредителей кандидатуры для избрания в органы управления Ассоциацией;<br>4) оспаривать в судебном порядке принятые органами Ассоциации решения;<br>5) обращаться в Ассоциацию с письменными запросами о его деятельности и получать мотивированные ответы в течение 30 (Тридцати) рабочих дней с даты поступления запроса;<br>6) вносить предложения в повестку дня Общего собрания учредителей;<br>7) требовать созыва заседания Общего собрания учредителей.<br>6.2. Не допускаются ограничения прав члена (учредителя), установленных пунктами 6.1. настоящего Устава.<br>6.3. Члены могут иметь и иные права, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.<br>6.4. Учредитель (член) обязан:<br>1) соблюдать положения Устава, учредительного договора и принципы Ассоциации;<br>2) предоставлять информацию, необходимую для решения вопросов, связанных с деятельностью Ассоциации;<br>3) своевременно и в полном объеме выплачивать все членские взносы и иные платежи, утвержденные Общим собранием учредителей;<br>4) не разглашать информацию об Ассоциации или его деятельности, составляющую служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;<br>5) исполнять иные обязанности в соответствии с Законом и иными законодательными актами Республики Казахстан. |

| | |
|---|---|
| ақпаратты жария етпеу;<br>5) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілеріне сәйкес өзге міндеттерді орындау. | |
| **7-БАП. ҚАУЫМДАСТЫҚҚА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОДАН ШЫҒУ ШАРТТАРЫ, ТӘРТІБІ**<br>7.1. Құрылтайшылары болып табылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, сондай-ақ оны тіркегеннен кейін оған кірген және өз алдына жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапа стандарттарын арттыруды, академиялық адалдық принциптерін қолдау мен ілгерілетуді және жыл сайынғы Халықаралық академиялық адалдық форумы аясында алынған тәжірибемен алмасуды мақсат еткен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ұйымдары Қауымдастық мүшелері болып табылады.<br>7.2. Қауымдастық осы бірлестіктің принциптерін сақтайтын және өз мүшелеріне қойылатын өлшемшарттарға сәйкес келетін Қазақстанның барлық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін ашық.<br>7.3. Қауымдастық мүшесі мынадай өлшемшарттарға сай болуға тиіс:<br>7.3.1. жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы болуға;<br>7.3.2. өз саясаттарына, кодекстерге және өзге ішкі құжаттарға академиялық адалдық принциптерін енгізуге;<br>7.3.3. тағайындалуы мен мазмұнына қарамастан, студенттердің, магистранттар мен докторанттардың, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің барлық жазба жұмыстарында (жобаларында) пайдаланылған материалдың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды анықтау құралы ретінде Қауымдастықтың осындай үлгідегі платформаларға (сервистерге) қойылатын стандарттарына сай келетін автоматтандырылған платформаны (сервисті) пайдалануға;<br>7.3.4. ішкі құжаттар мен рәсімдерге академиялық адалдық стандарттарын енгізуге, сондай-ақ өз қызметінің осы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге; | **СТАТЬЯ 7. УСЛОВИЯ, ПОРЯДОК ПРИЕМА И ВЫХОДА ИЗ АССОЦИАЦИИ**<br>7.1. Членами Ассоциации являются организации высшего и (или) послевузовского образования, выступающие в качестве ее учредителей, а также организации высшего и (или) послевузовского образования, которые вступили в нее после регистрации и ставят своей целью повышение стандартов качества высшего и (или) послевузовского образования, поддержку и продвижение принципов академической честности, и трансляцию опыта, полученного в рамках ежегодного Международного форума Академической честности.<br>7.2. Ассоциация открыта для всех организаций высшего и (или) послевузовского образования Казахстана, соблюдающих принципы этого объединения и соответствующих критериям, предъявляемым к ее членам.<br>7.3. Член Ассоциации должен соответствовать следующим критериям:<br>7.3.1. быть организацией высшего и (или) послевузовского образования;<br>7.3.2. имплементировать в свои политики, кодексы и иные внутренние документы принципы академической честности;<br>7.3.3. использовать в качестве средства обнаружения нелегального заимствования во всех письменных работах (проектах) студентов, магистрантов, докторантов, преподавателей и научных работников, независимо от их предназначения и содержания автоматизированную платформу (сервис), отвечающий стандартам Ассоциации к платформам (сервисам) подобного рода;<br>7.3.4. внедрять стандарты академической честности во внутренние документы и процедуры, а также обеспечить соответствие своей деятельности этим требованиям;<br>7.3.5. принимать эффективные решения, направленные на совершенствование |

| | |
|---|---|
| 7.3.5. көлденең басқару принциптерін енгізу және академиялық адалдыққа негізделген шешімдерді қабылдау айқындылығын, алқалылығын қамтамасыз ету арқылы білім сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жетілдіруге бағытталған ұтымды шешімдерді қабылдауға; | внутренней системы обеспечения качества образования посредством внедрения принципов горизонтального управления и обеспечения прозрачности, коллегиальности принятия решений, основанных на академической честности; |
| 7.3.6. оқу нәтижелерін дұрыс бағалау тетіктерін енгізу, тұрақты негізде студенттердің үлгеріміне мониторинг жүргізу және ең үздіктерге өз оқуын жалғастыру мүмкіндігін беру; академиялық адалдық принциптерін бұзған барлық білім алушылардың, қызметкерлердің және профессор-оқытушылық құрамның Қауымдастық мүшелерінің арасында бірыңғай есебін және іс-шараларды жүргізу жүйесін қамтамасыз ету секілді іс-шараларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, білім сапасын арттыру жөнінде өзге шараларды қабылдау; | 7.3.6. принимать иные меры по повышению качества образования, включая, но не ограничиваясь, внедрять механизмы объективной оценки результатов обучения, на постоянной основе проводить мониторинг успеваемости студентов и предоставлять лишь лучшим возможность продолжить свое обучение; обеспечить систему принятия мер и единого учета среди членов Ассоциации всех обучающихся, сотрудников и профессорско-преподавательского состава, допустивших нарушение принципов академической честности; |
| 7.3.7. өз қызметінде академиялық адалдық принциптерін бұзуға жол бермеуге. | 7.3.7. в своей деятельности не допускать нарушений принципов академической честности. |
| 7.4. Сілтеме жасалмай, материалды заңсыз алу құралы ретінде қолданылатын автоматтандырылған платформа (сервис) мынадай өлшемшарттарға сай болуға тиіс: | 7.4. Автоматизированная платформа (сервис), используемая в качестве средства обнаружения нелегального заимствования должна отвечать следующим критериям: |
| 7.4.1. Pearson, McGraw-Hill, Cengage Learning, Wiley, EBSCO Host, SAGE, Gale, PubMed, Taylor & Francis және т.б. дүниежүзілік коллекцияларға қол жеткізуге; | 7.4.1.Иметь доступ к мировым коллекциям как Pearson, McGraw-Hill, Cengage Learning, Wiley, EBSCO Host, SAGE, Gale, PubMed, Taylor & Francis и другие; |
| 7.4.2. баға берушілер мен білім алушылардың арасында көп нысанды кері байланысы болуға; | 7.4.2. Иметь многоформатную обратную связь между оценивающим и обучающимся; |
| 7.4.3. заңсыз алуларды тексеру туралы есептерді даярлау функциясы болуға; | 7.4.3. Иметь функцию подготовки отчетов о проверке на нелегальные заимствования; |
| 7.4.4. мынадай нысандарды тексеру мүмкіндігі болуға: Microsoft Word® (.doc/.docx), Openoffice text (.odt), Postscript (.ps), HTML, Rich Text Format (.rtf), Plain Text (.txt), Google docs via Google Drive™, Adobe pdf®, Microsoft Powerpoint® (.pptx, .ppt, .ppsx, and .pps), Microsoft Excel® (.xls and .xlsx); | 7.4.4. Иметь возможность проверять форматы Microsoft Word® (.doc/.docx), Openoffice text (.odt), Postscript (.ps), HTML, Rich Text Format (.rtf), Plain Text (.txt), Google docs via Google Drive™, Adobe pdf®, Microsoft Powerpoint® (.pptx, .ppt, .ppsx, and .pps), Microsoft Excel® (.xls and .xlsx); |
| 7.4.5. оқу құралдарымен (LTI) жұмыс істейтін оқу қосымшаларымен бірігу мүмкіндігі болуға. | 7.4.5. Иметь возможность интеграции с учебными приложениями, взаимодействующими с инструментами обучения (LTI). |
| 7.5. Қауымдастыққа кіру туралы өтінім Қауымдастық құрылтайшыларының Жалпы жиналысы Төрағасының атына жазылады. | 7.5. Заявка на вступление в Ассоциацию подается на имя Председателя Общего собрания учредителей Ассоциации. |

| | |
|---|---|
| Жалпы жиналысының Төрағасы аталған өтінімді алу сәтінен бастап, осындай өтінімді берген жоғары оқу орны Қауымдастыққа кіруге кандидаттың мәртебесін алады. Жоғары оқу орны тиісті өтінімді беріп және Қауымдастыққа кіруге кандидаттың мәртебесін алып, академиялық адалдық принциптері мен стандарттарының, сондай-ақ Қауымдастықтың құрылтай құжаттарында көрсетілген өзге өлшемшарттар мен талаптарға сәйкестігін бағалау мен растаудың барлық қажетті рәсімдерінен әрі қарай өтуге келісімін білдіреді.<br>Қауымдастыққа қабылдау туралы шешім дауыс беруге қатысатын мүшелердің 2/3 қолдаса, қабылданады.<br>7.6. Академиялық адалдық принциптері мен стандарттарына, сондай-ақ Құрылтайшылардың құрылтай құжаттарында көрсетілген өзге өлшемшарттар мен талаптарға сай келмейтін Қауымдастық мүшесі дауыс беруге қатысатын мүшелердің жалпы санынан ¾ шешімі бойынша Жалпы жиналыспен Қауымдастықтан шығарылады.<br>Өзіне қатысты мәселе дауыс беруге шығарылатын Қауымдастық мүшесі дауыс беруге қатыспайды.<br>7.7. Қауымдастық мүшелерінің құқықтары үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін емес.<br>7.8. Қауымдастық мүшесі Қауымдастықтан шығуға құқылы, бұл жағдайда шыққан күннен бастап екі жылдың ішінде өз жарнасына барабар мөлшерде Қауымдастық міндеттемелері бойынша ортақ жауаптылықта болады.<br>Ұйымдастырушылық мәселелер шешілгеннен кейін құрылтайшылардың Жалпы жиналысында мүшенің Қауымдастық құрамынан шығуы туралы шешім қабылданады.<br>7.9. Қауымдастықтан шығу туралы өтініш шығып жатқан мүшенің осы Жарғының ережелерін орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартуы болып табылады. | С момента получения Председателем Общего собрания названной заявки, высшее учебное заведение, подавшее такую заявку, получает статус Кандидата на вступление в Ассоциацию. Подачей соответствующей заявки и получением статуса Кандидата на вступление в Ассоциацию, высшее учебное заведение выражает согласие на дальнейшее прохождение всех необходимых процедур оценки и подтверждения соответствия принципам и стандартам академической честности, а также иным критериям и требованиям указанным в учредительных документах Ассоциации.<br>Решение о вступлении в Ассоциацию принимается 2/3 от общего количества членов, принимающих участие в голосовании.<br>7.6. Член Ассоциации, не соответствующий принципам и стандартам академической честности, а также иным критериям и требованиям указанным в учредительных документах Ассоциации, исключается из Ассоциации Общим собранием по решению 3/4 от общего количества членов, принимающих участие в голосовании.<br>Член Ассоциации, в отношении которого ставится вопрос на голосование, не принимает участие в голосовании.<br>7.7. Права членов Ассоциации не могут быть переданы третьим лицам.<br>7.8. Член Ассоциации вправе выйти из нее, в этом случае он несет субсидиарную ответственность по ее обязательствам пропорционально своему взносу в течение двух лет с момента выхода.<br>Выход члена из состава Ассоциации осуществляется путем подачи письменного заявления на имя Председателя Общего собрания учредителей.<br>После решения организационных вопросов на Общем собрании учредителей принимается решение о выходе члена из состава Ассоциации.<br>7.9. Заявление о выходе из Ассоциации является односторонним отказом выходящего члена от выполнения положений настоящего Устава. |
| **Екінші бөлім.<br>Қауымдастықты басқару** | **Второй раздел.<br>Управление Ассоциацией** |

| 8-БАП. ҚАУЫМДАСТЫҚ ОРГАНДАРЫ | СТАТЬЯ 8. ОРГАНЫ АССОЦИАЦИИ |
|---|---|
| 8.1. Қауымдастықтың басқару органдары:<br>1) жоғары орган – Қауымдастық құрылтайшыларының (мүшелерінің) Жалпы жиналысы (бұдан әрі — Жалпы жиналыс);<br>2) атқарушы орган – Қауымдастық кеңесі (бұдан әрі – Кеңес);<br>3) бақылау органы – тексеру комиссиясы.<br>8.2. Қауымдастықтың лауазымды тұлғаларының негізгі қызмет ету принциптері:<br>1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындау және Қауымдастық мүдделерін барынша көп білдіретін әдістерді пайдалану;<br>2) Қауымдастықтың мүлкін пайдалануға немесе оны Жарғыға және Жалпы жиналыс пен Кеңес шешімдеріне қайшы пайдалануға жол бермеу;<br>3) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз ету.<br>4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қауымдастықтың қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылау;<br>5) Қауымдастықтың қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қауымдастықтағы жұмысы тоқтаған кезден бастап 3 (үш) жылдың ішінде сақтау.<br>8.3. Қауымдастықтың лауазымды тұлғалары Қауымдастық пен оның мүшелерінің алдында өз әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді, оның ішінде мыналардың нәтижесінде орын алған шығындар үшін:<br>1) жаңылыстыратын ақпаратты немесе қасақана жалған ақпаратты ұсыну;<br>2) ақпаратты ұсынудың Заңмен белгіленген тәртібін бұзу.<br>8.4. Қауымдастық өзінің атқарушы органы орналасқан жері бойынша мынадай құжаттарды сақтайды:<br>- Қауымдастықтың құрылтай құжаттары, сондай-ақ оларға енгізілген және заңмен | 8.1. Органами управления Ассоциацией являются:<br>1) высший орган – Общее собрание учредителей (членов) Ассоциации (далее – Общее собрание);<br>2) исполнительный орган – Совет Ассоциации (далее – Совет);<br>3) контрольный орган – ревизионная комиссия.<br>8.2. Основными принципами деятельности должностных лиц Ассоциации являются:<br>1) выполнение возложенных на них обязанностей добросовестно и использование способов, которые в наибольшей степени отражают интересы Ассоциации;<br>2) не допускать использования имущества Ассоциации или его использования в противоречии с Уставом и решениями Общего собрания и Совета;<br>3) обязаны обеспечивать целостность систем бухгалтерского учета и финансовой отчетности;<br>4) контролируют раскрытие и предоставление информации о деятельности Ассоциации в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан;<br>5) соблюдать конфиденциальность информации о деятельности Ассоциации, в том числе в течение 3 (Трех) лет с момента прекращения работы в Ассоциации.<br>8.3. Должностные лица Ассоциации несут ответственность перед Ассоциацией и ее членами за вред, причиненный их действиями (бездействием), в соответствии с законами Республики Казахстан, в том числе за убытки, понесенные в результате:<br>1) предоставления информации, вводящей в заблуждение, или заведомо ложной информации;<br>2) нарушения порядка предоставления информации, установленного Законом.<br>8.4. Ассоциация хранит по месту нахождения своего исполнительного органа следующие документы:<br>- учредительные документы Ассоциации, а также внесенные в них и |

| | |
|---|---|
| белгіленген тәртіппен тіркелген өзгерістер;<br>- Жалпы жиналыстардың шешімдері, хаттамалары және олардан үзінді көшірмелер;<br>- Кеңес отырыстарының шешімдері, хаттамалары және олардан үзінді көшірмелер;<br>- балансындағы мүлікке Қауымдастықтың құқықтарын растайтын құжаттар;<br>- Қауымдастықтың ішкі құжаттары;<br>- кіріс және шығыс хат-хабарламаларының барлық түрлері;<br>- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, Қауымдастықтың ішкі құжаттарында көзделген өзге құжаттар. | зарегистрированные в установленном законом порядке изменения;<br>- решения, протоколы Общих собраний и выписки из них;<br>- решения, протоколы заседаний Совета и выписки из них;<br>- документы, подтверждающие права Ассоциации на имущество, находящееся на ее балансе;<br>- внутренние документы Ассоциации;<br>- все виды входящей и исходящей корреспонденции;<br>- иные документы, предусмотренные нормативными правовыми актами Республики Казахстан, внутренними документами Ассоциации. |

| 9-БАП. ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРДЫҢ (МҮШЕЛЕРДІҢ) ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ | СТАТЬЯ 9. ОБЩЕЕ СОБРАНИЕ УЧРЕДИТЕЛЕЙ (ЧЛЕНОВ) |
|---|---|
| 9.1. Құрылтайшылардың (мүшелердің) жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қауымдастық құрылтайшылардың (мүшелердің) жылдық Жалпы жиналысын жыл сайын өткізуге міндетті. Құрылтайшылардың (мүшелердің) өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.<br>9.2. жыл сайынғы Жалпы жиналыста:<br>1) Қауымдастықтың жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;<br>2) Қауымдастық пен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне құрылтайшылардың (мүшелердің) шағымдары туралы мәселелер және оларды қарау қорытындысы қаралады.<br>Құрылтайшылардың (мүшелердің) жылдық Жалпы жиналысы олар бойынша шешім қабылдау өзінің құзыретіне кіретін басқа да сұрақтарды қарауға құқылы.<br>9.3. Құрылтайшылардың (мүшелердің) Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:<br>1) Қауымдастықтың Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;<br>2) Қауымдастықты ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;<br>3) тексеру комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;<br>4) Кеңестің құзыретін, сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;<br>5) жылдық қаржылық есептілікті бекіту, сондай-ақ атқарушы органның қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу және олардың нәтижелерін бекіту тәртібін анықтау;<br>6) Қауымдастықтың өзге заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;<br>7) Жалпы жиналысты шақыру туралы Қауымдастық құрылтайшыларына | 9.1. Общие собрания учредителей (членов) подразделяются на годовые и внеочередные. Ассоциация обязана ежегодно проводить годовое Общее собрание учредителей (членов). Иные Общие собрания учредителей (членов) являются внеочередными.<br>9.2. На ежегодном Общем собрании:<br>1) утверждается годовая финансовая отчетность Ассоциации;<br>2) рассматриваются вопросы об обращениях учредителей (членов) на действия Ассоциации и его должностных лиц и итогах их рассмотрения.<br>Годовое Общее собрание учредителей (членов) вправе рассматривать и другие вопросы, принятие решений по которым отнесено к компетенции Общего собрания учредителей (членов).<br>9.3. К исключительной компетенции Общего собрания учредителей (членов) относятся следующие вопросы:<br>1) внесение изменений и дополнений в Устав Ассоциации или утверждение его в новой редакции;<br>2) добровольная реорганизация и ликвидация Ассоциации;<br>3) определение количественного состава и срока полномочий ревизионной комиссии, избрание ее членов и досрочное прекращение их полномочий;<br>4) определение компетенций, количественного состава, срока полномочий Совета, избрание его членов и досрочное прекращение их полномочий;<br>5) утверждение годовой финансовой отчетности, а также определение порядка и периодичности представления финансовой отчетности исполнительного органа, а также порядка проведения проверки контрольным органом и утверждения их результатов;<br>6) принятие решения об участии Ассоциации в создании или деятельности иных юридических лиц, филиалов и представительств;<br>7) определение формы извещения учредителей (членов) Ассоциации о созыве Общего собрания и принятие решения о |

| | |
|---|---|
| (мүшелеріне) хабарлама нысанын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;<br>8) Жалпы жиналыстың күн тәртібін бекіту;<br>9) егер мұндай тәртіп Жарғыда көзделмеген болса, құрылтайшыларға (мүшелерге) Қауымдастық қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының тізімін анықтау;<br>10) Қауымдастыққа қабылдау және мүшелерді шығару тәртібі;<br>11) жарналардың барлық түрлерін енгізу тәртібін, мерзімі мен мөлшерін орнату;<br>12) Қауымдастықтың өкілеттіктеріне қатысты кез келген дауларды шешеді;<br>13) олар бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасында Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.<br>9.4. Осы Жарғының 9.3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша Жалпы жиналыстың шешімдері, егер Заңмен өзгеше көзделмесе, дауыс беруге қатысатын Қауымдастық мүшелерінің жалпы санынан дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданады.<br>9.5. Егер Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, олар бойынша шешім қабылдау Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің құзыретіне беруге болмайды. Жалпы жиналыс Қауымдастықтың ішкі қызметіне жатқызылған мәселелер бойынша Қауымдастықтың өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.<br>9.6. Жылдық Жалпы жиналысты Кеңес шақырады.<br>9.7. Кезектен тыс жиналысты Жалпы жиналыстың Төрағасы шақыра алады немесе Қауымдастық мүшелерінің кемінде 1/3 ұсынысы бойынша шақырылуы мүмкін.<br>Ерікті тарату процесіндегі Қауымдастықтың кезектен тыс Жалпы жиналысын Қауымдастықтың тарату комиссиясы шақыруы, дайындау және | размещении такой информации в средствах массовой информации;<br>8) утверждение повестки дня Общего собрания;<br>9) определение порядка предоставления учредителям (членам) информации о деятельности Ассоциации, в том числе определение средства массовой информации, если такой порядок не определен Уставом;<br>10) принятие и исключение членов из Ассоциации;<br>11) установление порядка, сроков и размеров всех видов взносов;<br>12) разрешает любые споры в отношении полномочий Ассоциации;<br>13) иные вопросы, принятие решений по которым отнесено законодательством Республики Казахстан к исключительной компетенции Общего собрания;<br>9.4. Решения Общего собрания по вопросам, указанным в пункте 9.3. настоящего Устава принимаются простым большинством голосов от общего числа голосующих членов Ассоциации, участвующих в голосовании, если Законом не установлено иное.<br>9.5. Не допускается передача вопросов, принятие решений по которым отнесено к исключительной компетенции Общего собрания, в компетенцию других органов, должностных лиц и работников Ассоциации, если иное не предусмотрено Законом и иными законодательными актами Республики Казахстан. Общее собрание вправе отменить любое решение иных органов Ассоциации по вопросам, относящимся к внутренней деятельности Ассоциации.<br>9.6. Годовое Общее собрание созывается Советом.<br>9.7. Внеочередное собрание может быть созвано Председателем Общего собрания или по предложению не менее 1/3 членов Ассоциации.<br>Внеочередное Общее собрание, находящегося в процессе добровольной ликвидации, может быть созвано, подготовлено и проведено ликвидационной комиссией Ассоциации.<br>Законодательными актами Республики Казахстан могут быть предусмотрены |

| | |
|---|---|
| өткізуі мүмкін.<br>Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде кезектен тыс Жалпы жиналысты міндетті шақыру жағдайлары қарастырылуы мүмкін.<br>9.8. Жалпы жиналысты дайындау мен өткізуді:<br>1) атқарушы орган;<br>2) Қауымдастықтың тарату комиссиясы жүзеге асырады.<br>9.9. Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Жалпы жиналысты шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындарды Қауымдастық көтереді.<br>9.10. Егер Қауымдастық органдары жылдық Жалпы жиналысты шақырудың Заңмен белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, жылдық Жалпы жиналыс кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.<br>9.11. Жалпы жиналысты өткізу күні мен уақыты жиналысқа қатысуға құқығы бар тұлғалардың көпшілігі қатыса алатындай, белгіленуі тиіс.<br>Жалпы жиналыс атқарушы органның орналасқан елді мекенінде өткізілуі тиіс.<br>Жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты және жиналысты өткізу уақыты Жалпы жиналыстың хатшысына жиналысқа қатысушыларды тіркеу, олардың дауыстарын есептеу және оның кворумын анықтау үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз етуге тиіс.<br>9.12. Жалпы жиналысты өткізу туралы хабарлама:<br>1) атқарушы органның толық атауы және орналасқан жері туралы ақпаратты;<br>2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметті;<br>3) Жалпы жиналысты өткізу күні, уақыты мен орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты, сондай-ақ егер бірінші жиналыс өткізілмесе, қайтадан өткізілуі тиіс Жалпы жиналысты өткізу күні мен уақыты туралы ақпаратты;<br>4) Жалпы жиналыстың күн тәртібін;<br>5) қатысушыларды (мүшелерді) Жалпы жиналыстың күн тәртібінің материалдарымен танысу тәртібін;<br>6) жиналысты өткізу тәртібін; | случаи обязательного созыва внеочередного Общего собрания.<br>9.8. Подготовка и проведение Общего собрания осуществляются:<br>1) исполнительным органом;<br>2) ликвидационной комиссией Ассоциации.<br>9.9. Расходы по созыву, подготовке и проведению Общего собрания несет Ассоциация, за исключением случаев, установленных Законом.<br>9.10. Годовое Общее собрание может быть созвано и проведено на основании решения суда, принятого по иску любого заинтересованного лица, в случае нарушения органами Ассоциации порядка созыва годового Общего собрания, установленного Законом.<br>9.11. Дата и время проведения Общего собрания должны быть установлены таким образом, чтобы в собрании могло принять участие наибольшее количество лиц, имеющих право в нем участвовать.<br>Общее собрание должно проводиться в населенном пункте по месту нахождения исполнительного органа.<br>Время начала регистрации участников собрания и время проведения собрания должны обеспечить секретарю Общего собрания достаточное время для проведения регистрации, подсчета числа участников собрания и определения наличия его кворума.<br>9.12. Извещение о проведении Общего собрания должно содержать:<br>1) полное наименование и место нахождения исполнительного органа;<br>2) сведения об инициаторе созыва собрания;<br>3) дату, время и место проведения Общего собрания, время начала регистрации участников собрания, а также дату и время проведения повторного Общего собрания, которое должно быть проведено, если первое собрание не состоится;<br>4) повестку дня Общего собрания;<br>5) порядок ознакомления участников (членов) с материалами по вопросам повестки дня Общего собрания;<br>6) порядок проведения собрания;<br>7) порядок проведения заочного |

| | |
|---|---|
| 7) сырттай дауыс беруді жүргізу тәртібі және сырттай дауыс беру үшін рәсімді;<br>8) жиналысты өткізу кезде басшылыққа алынатын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормаларын қамтуға тиіс.<br>9.13. Қайта Жалпы жиналыстың өткізілуі алғашқы (өткізілмеген) Жалпы жиналысты өткізудің белгіленген күнінен кейін келесі күннен бұрын емес тағайындалуы мүмкін.<br>Қайта Жалпы жиналыс, алғашқы Жалпы жиналыс өткізілмеген жерде, өткізілуі тиіс.<br>Қайта Жалпы жиналыстың күн тәртібі өткізілмеген Жалпы жиналыстың күн тәртібінен өзгеше болмауға тиіс.<br>Жалпы жиналыстың күн тәртібін Кеңес құрайды және ол талқылануға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізілімін қамтуға тиіс.<br>Қауымдастықтың құрылтайшылары (мүшелері) немесе Кеңесі Жалпы жиналыстың күн тәртібін толықтыра алады, егер Қауымдастықтың мүшелеріне осындай толықтырулар туралы жалпы жиналысты өткізу күніне дейін кемінде он күн бұрын хабарланған болса.<br>9.14. Жалпы жиналыстың күн тәртібін бекіту жиналысқа қатысатын Қауымдастық мүшелерінің жалпы санынан дауыстардың көпшілігімен іске асырылады.<br>9.15. Егер олардың енгізілуіне Жалпы жиналысқа қатысатын мүшелердің (олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берген болса, жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер және(немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.<br>Жалпы жиналыс шешімді сырттай дауыс беру арқылы қабылдайтын болса, Жалпы жиналыстың күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға жол берілмейді.<br>9.16. Жалпы жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар аталған мәселелер бойынша негізделген шешімдерді қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуға тиіс.<br>9.17. Жалпы жиналыс заңды деп саналады, егер оған мүшелердің немесе олардың өкілдерінің жалпы санынан кемінде 2/3 бөлігі қатысқан болса.<br>9.18. Жалпы жиналыс кворум бар кезде жарияланған уақытта ашылады. Жалпы жиналыс, барлық мүшелер (олардың | голосования и процедуру для заочного голосования;<br>10) нормы законодательных актов Республики Казахстан, в соответствии с которыми проводится собрание.<br>9.13. Проведение повторного Общего собрания может быть назначено не ранее чем на следующий день после установленной даты проведения первоначального (несостоявшегося) Общего собрания.<br>Повторное Общее собрание должно проводиться в том месте, где и несостоявшееся Общее собрание.<br>Повестка дня повторного Общего собрания не должна отличаться от повестки дня несостоявшегося Общего собрания.<br>Повестка дня Общего собрания формируется Советом и должна содержать исчерпывающий перечень конкретно сформулированных вопросов, выносимых на обсуждение.<br>Повестка дня Общего собрания может быть дополнена учредителями (членами), Ассоциации или Советом при условии, что члены Ассоциации извещены о таких дополнениях не позднее чем за десять дней до даты проведения общего собрания.<br>9.14. Утверждение повестки дня Общего собрания осуществляется большинством голосов от общего числа членов Ассоциации, представленных на собрании.<br>9.15. В повестку дня могут вноситься изменения и/(или) дополнения, если за их внесение проголосовало большинство членов (или их представителей), участвующих в Общем собрании.<br>При принятии решения Общим собранием посредством заочного голосования повестка дня Общего собрания не может быть изменена и (или) дополнена.<br>9.16. Материалы по вопросам повестки дня Общего собрания должны содержать информацию в объеме, необходимом для принятия обоснованных решений по данным вопросам.<br>9.17. Общее собрание считается правомочным при участии в нем не менее 2/3 от общего числа членов или их представителей<br>9.18. Общее собрание открывается в объявленное время при наличии кворума. |

| | |
|---|---|
| өкілдері) тіркеліп, хабарланып және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайларды қоспағанда, жарияланған уақыттан бұрын ашылуы мүмкін емес. | Общее собрание не может быть открыто ранее объявленного времени, за исключением случая, когда все члены (их представители) уже зарегистрированы, уведомлены и не возражают против изменения времени открытия собрания. |
| 9.19. Жалпы жиналыс Жалпы жиналыстың Төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлауды өткізеді. | 9.19. Общее собрание проводит выборы Председателя и секретаря Общего собрания. |
| Жалпы жиналыс Құрылтайшылардың (қатысушылардың) Жалпы жиналысының төрағасын бір жылдан аспайтын мерзімге сайлайды. | Председатель Общего собрания учредителей (участников), избирается Общим собранием на срок не превышающим более одного года. |
| Жалпы жиналыс дауыс беру нысанын анықтайды — ашық не жасырын (бюллетень бойынша). Көрсетілген тұлғаларды сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір мүшенің бір даусы бар, ал шешім қатысқандардың санына дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданады. | Общее собрание определяет форму голосования – открытое или тайное (по бюллетеням). При голосовании по вопросу об избрании указанных лиц каждый член имеет один голос, а решение принимается простым большинством голосов от числа присутствующих. |
| 9.20. Жалпы жиналыс күн тәртібінің барлық мәселелері қаралып, олар жөнінде шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін. | 9.20. Общее собрание может быть объявлено закрытым только после рассмотрения всех вопросов повестки дня и принятия решений по ним. |
| 9.21. Жалпы жиналыстың шешімдері Заңға сәйкес сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. | 9.21. Решения Общего собрания могут приняты посредством проведения заочного голосования в соответствии с Законом. |
| 9.22. Дауыс беру қорытындысы бойынша Жалпы жиналыстың хатшысы дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы құрайды және оған қол қояды. | 9.22. По итогам голосования секретарь Общего собрания составляет и подписывает протокол об итогах голосования. |
| Дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша құрылтайшының (мүшенің) ерекше пікірі болған жағдайда, Жалпы жиналыстың хатшысы хаттамада бұл жөнінде жазуға міндетті. | При наличии у членов особого мнения по вынесенному на голосование вопросу секретарь Общего собрания обязан внести в протокол соответствующую запись. |
| Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама Жалпы жиналыстың хаттамасына қосымша болып табылады. | Протокол об итогах голосования подлежит приобщению к протоколу Общего собрания. |
| Дауыс беру қорытындысы дауыс беру жүргізілген Жалпы жиналыста жарияланады. | Итоги голосования оглашаются на Общем собрании, в ходе которого проводилось голосование. |
| 9.23. Жалпы жиналыстың хаттамасы жиналыс өткізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, оған қол қойылуы тиіс. Жалпы жиналыстың хаттамасында мыналар көрсетіледі: | 9.23. Протокол Общего собрания должен быть составлен и подписан в течение трех рабочих дней после закрытия собрания. В протоколе Общего собрания указываются: |
| 1) атқарушы органның толық атауы және орналасқан жері; | 1) полное наименование и место нахождения исполнительного органа; |
| 2) Жалпы жиналысты өткізу күні, уақыты мен орны; | 2) дата, время и место проведения Общего собрания; |
| 3) Жалпы жиналыста ұсынылған, дауыс | 3) сведения о количестве голосующих членов, представленных на Общем собрании; |
| | 4) кворум Общего собрания; |

| | |
|---|---|
| беретін мүшелердің саны туралы мәліметтер;<br>4) Жалпы жиналыстың кворумы;<br>5) Жалпы жиналыстың күн тәртібі;<br>6) Жалпы жиналыста дауыс беру тәртібі;<br>7) Жалпы жиналыстың Төрағасы мен хатшысы;<br>8) Жалпы жиналысқа қатысатын тұлғалардың сөйлеген сөздері;<br>9) Жалпы жиналыстың күн тәртібінің дауыс беруге шығарылған әрбір мәселесі бойынша мүшелердің берген дауыстарының жалпы саны;<br>10) дауыс беруге шығарылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындысы;<br>11) Жалпы жиналыстың қабылдаған шешімдері.<br><br>9.24. Жалпы жиналыстың хаттамасына:<br><br>1) Жалпы жиналыстың Төрағасы мен хатшысы;<br><br>2) Жалпы жиналысқа қатысқан Қауымдастық мүшелері қол қоюға тиіс.<br><br>Қол қоюға міндетті тұлға хаттамаға қол қоя алмаған жағдайда, өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі хаттамаға қол қоя алады. | 5) повестка дня Общего собрания;<br>6) порядок голосования на Общем собрании;<br>7) Председатель и секретарь Общего собрания;<br>8) выступления лиц, участвующих в Общем собрании;<br>9) общее количество голосов членов по каждому вопросу повестки дня Общего собрания, поставленному на голосование;<br>10) вопросы, поставленные на голосование, итоги голосования по ним;<br>11) решения, принятые Общим собранием.<br><br>9.24. Протокол Общего собрания подлежит подписанию:<br><br>1) Председателем и секретарем Общего собрания;<br><br>2) членами Ассоциации, участвовавшими в Общем собрании.<br><br>В случае невозможности подписания протокола лицом, обязанным его подписывать, протокол подписывается его представителем на основании выданной ему доверенности. |

| 10-БАП. АТҚАРУШЫ ОРГАН – ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ КЕҢЕСІ | СТАТЬЯ 10. ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ ОРГАН – СОВЕТ АССОЦИАЦИИ |
|---|---|
| 10.1. Ағымдағы қызметке басшылықты Қауымдастықтың атқарушы органы — Кеңес жүзеге асырады.<br>10.1.1. Кеңес Заңмен, осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен Қауымдастықтың басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Қауымдастық қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.<br>10.1.2. Кеңес отырысы жылына кемінде екі рет өткізіледі.<br>Қауымдастықтың кез келген мүшесінің өтініші бойынша Қауымдастық Кеңесінің Төрағасы Кеңестің кезектен тыс отырыстарын шақыруға құқылы.<br>10.1.3. Кеңес мүшесі өзінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Кеңестің басқа мүшесіне бере алмайды.<br>Кеңес Жалпы жиналыстың шешімдерін орындауға міндетті.<br>Алқалы атқарушы органның мүшелері құрылтайшылары (мүшелері) болып табылмайтын, Қауымдастықтың мүшелері мен қызметкерлері болуы мүмкін.<br>Атқарушы орган мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, осы Жарғыда, сондай-ақ Қауымдастық көрсетілген тұлғамен жасасатын еңбек шартында анықталады.<br>10.2. Кеңес:<br>1) Жалпы жиналыстың шешімдерін орындайды;<br>2) Қауымдастықтың, филиалдар мен өкілдіктердің, еншілес кәсіпорындардың штаттық кестесін бекітеді;<br>3) Қауымдастықтың ішкі құрылымын анықтайды, құрылымдық бөлімшелерді құрайды және таратады;<br>4) ақшалай қаражатты ұтымды пайдалану мақсатында Жалпы жиналыстың бекітуіне Қауымдастықтың қаржы және шаруашылық қызметінің ішкі нормативтерін ұсынады;<br>5) еңбекақы жүйесі мен нысанын бекітеді;<br>6) Қауымдастықтың қаржылық, бухгалтерлік, банк құжаттарында бірінші | 10.1. Руководство текущей деятельностью осуществляется Исполнительным органом Ассоциации – Советом.<br>10.1.1. Совет вправе принимать решения по любым вопросам деятельности Ассоциации, не отнесенным Законом, настоящим Уставом и иными законодательными актами Республики Казахстан к компетенции других органов и должностных лиц Ассоциации.<br>10.1.2. Заседания Совета проводятся не реже двух раз в год.<br>По просьбе любого члена Ассоциации, Председатель Совета Ассоциации вправе созвать внеочередные заседания Совета.<br>10.1.3. Передача права голоса членом Совета иному лицу, в том числе другому члену Совета, не допускается.<br>Совет обязан исполнять решения Общего собрания.<br>Членами коллегиального исполнительного органа могут быть члены и работники Ассоциации, не являющиеся его учредителями (членами).<br>Функции, права и обязанности члена исполнительного органа определяются, законодательными актами Республики Казахстан, настоящим Уставом, а также трудовым договором, заключаемым указанным лицом с Ассоциацией.<br>10.2. Совет:<br>1) выполняет решения Общего собрания;<br>2) утверждает штатное расписание Ассоциации, филиалов и представительств, дочерних предприятий;<br>3) определяет внутреннюю структуру Ассоциации, создает и упраздняет структурные подразделения;<br>4) представляет на утверждение Общего собрания внутренние нормативы финансовой и хозяйственной деятельности Ассоциации в целях рационального использования денежных средств;<br>5) утверждает систему и форму оплаты труда;<br>6) определяет круг лиц, обладающих правом первой и второй подписи на финансовых, бухгалтерских, банковских документах Ассоциации; |

| | |
|---|---|
| және екінші қолтаңба құқығы бар тұлғалардың шеңберін анықтайды;<br>7) Қауымдастықтың ішкі қызметінің мәселелері бойынша тұрақты қызмет ететін және өзге комиссияларды құрайды және жояды;<br>8) академиялық адалдық стандарттарын айқындайды;<br>9) Қауымдастық мүшелерінің академиядық адалдық принциптеріне сәйкестігін сыртқы бағалау үшін мониторингтік комитеттерді бекітеді;<br>10) Қазақстанда және шетелде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында академиялық адалдықты қамтамасыз етудің ең үздік тәжірибесі мен әдіс-тәсілдерін талқылайды;<br>11) білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалаудың өлшемшарттарын анықтайды;<br>12) академиялық адалдық стандарттарын бекітеді;<br>13) академиялық адалдық принциптерінің сақталуына ықпал ете алатын кез келген сипаттағы басқа мәселелерді талқылайды және шешеді;<br>14) Жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне жатқызылмаған өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.<br>10.3. Кеңес төрағасы:<br>1) Жалпы жиналыс шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;<br>2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қауымдастықтың атынан сенімхатсыз әрекет етеді; барлық мемлекеттік органдарда, мекемелерде және меншік нысанына қарамастан, ұйымдарда мүдделерін білдіреді;<br>3) қайта табыстау құқығын қоса алғанда, үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қауымдастықты білдіру құқығына сенімхаттарды береді;<br>4) Қауымдастық қызметкерлерін, Қауымдастықтың еншілес кәсіпорындарының, филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын жұмысқа қабылдайды, жұмыс орнын ауыстырады және жұмыстан шығарады; құрылымдық бөлімшелердің басшыларын бекітеді (Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда); оларға қатысты көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза | 7) создает и упраздняет постоянно действующие и иные комиссии по вопросам внутренней деятельности Ассоциации;<br>8) определяет стандарты академической честности;<br>9) учреждает мониторинговые комитеты для внешней оценки соответствия членов Ассоциации принципам академической честности;<br>10) обсуждает лучшие практики и подходы обеспечения академической честности в организациях высшего (или) послевузовского образования в Казахстане и за рубежом, и на их основе вырабатывает решения или рекомендации;<br>11) определяет параметры оценки знаний и умений обучающихся;<br>12) утверждает стандарты академической честности;<br>13) обсуждает и разрешает любые другие вопросы любого характера, которые могут оказать влияние на соблюдение принципов академической честности;<br>14) осуществляет иные полномочия, не отнесенные к исключительной компетенции Общего собрания.<br>10.3. Председатель Совета:<br>1) организует выполнение решений Общего собрания;<br>2) без доверенности действует от имени Ассоциации в отношениях с третьими лицами, представляет его во всех государственных органах, учреждениях и организациях, независимо от формы собственности;<br>3) выдает доверенности на право представления Ассоциации в его отношениях с третьими лицами, в том числе с правом передоверия;<br>4) осуществляет прием, перемещение и увольнение работников Ассоциации, руководителей дочерних предприятий, филиалов и представительств Ассоциации, утверждает руководителей структурных подразделений, (за исключением случаев, установленных Законом), применяет к ним меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания, устанавливает размеры должностных окладов работников Ассоциации и персональных надбавок к окладам в соответствии со штатным расписанием, определяет размеры премий |

| | |
|---|---|
| қолданады; Қауымдастық қызметкерлерінің лауазымды жалақыларының және штаттық кестеге сәйкес жалақыға жеке үстеме ақысының мөлшерін белгілейді, Қауымдастық қызметкерлерінің сыйлықақы мөлшерлерін айқындайды;<br>5) өзі болмаған жағдайда, өз міндеттерін орындауды Кеңес мүшелерінің біріне жүктейді;<br>6) Кеңес мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;<br>7) Қауымжастық атынан шарттарды жасасады, өзгертеді және бұзады;<br>8) қаржылық, бухгалтерлік және банк құжаттарында бірінші қолтаңба құқығы бар;<br>9) Қауымдастықтың барлық қызметкерлері орындауға міндетті Қауымдастық қызметінінің барлық мәселелері бойынша бұйрық пен өкімдерді шығарады және тапсырмаларды береді;<br>10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады және көрсетілген жұмыс үшін өзі жауап береді;<br>11) осы Жарғыда және Жалпы жиналыстың шешімдерінде анықталған өзге функцияларды жүзеге асырады.<br>10.4. Кеңестің шешімдері дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданады. Кеңес төрағасы Кеңес қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, ол бұл мәселені Жалпы жиналыстың қарауына шығаруға құқылы.<br>Егер жиналысқа Кеңес мүшелерінің жалпы санынан кемінде 2/3 бөлігі қатысқан болса, шешім қабылданған деп саналады.<br>10.5. Кеңес қабылдайтын шешімдер хаттамаларда бекітіледі, кейіннен Кеңес төрағасы Қауымдастықтың қызметкерлері орындауға міндетті тиісті бұйрықтар мен өкімдерді шығарады.<br>Қауымдастық Кеңесі отырысының күн тәртібі жиналысты өткізуге дейін кемінде 10 (он) күн бұрын қалыптастырылады.<br>Кеңес төрағасы мен Кеңес мүшелері кеңес хаттамаларына қол қояды.<br>10.6. Кеңес мүшелері (Кеңес Төрағасын қоспағанда) өз өкілеттіктерін басқа тұлғаларға бере алмайды. | работников Ассоциации;<br>5) в случае своего отсутствия возлагает исполнение своих обязанностей на одного из членов Совета;<br>6) распределяет обязанности, а также сферы полномочий и ответственности между членами Совета;<br>7) заключает, изменяет и расторгает договоры и меморандумы от имени Ассоциации;<br>8) обладает правом первой подписи на финансовых, бухгалтерских, банковских документах;<br>9) издает приказы и распоряжения и дает указания по всем вопросам деятельности Ассоциации, обязательные для исполнения всеми работниками Ассоциации;<br>10) организует работу по борьбе с коррупцией и несет персональную ответственность за указанную работу.<br>11) осуществляет иные функции, определенные настоящим Уставом и решениями Общего собрания.<br>10.4. Решения Совета принимаются простым большинством от количества его членов. В случае несогласия Председателя Совета с решением, принятым Советом, он вправе внести данный вопрос на рассмотрение Общего собрания.<br>Решение считается принятым, если в заседании принимало участие не менее 2/3 от общего количества членов Совета.<br>10.5. Решения, принимаемые Советом, закрепляются путем оформления протоколов с дальнейшим изданием председателем Совета соответствующих приказов и распоряжений, обязательных для исполнения работниками Ассоциации.<br>Повестка заседания Совета Ассоциации формируется не менее чем за 10 (Десять) рабочих дней до предполагаемой даты заседания.<br>Протоколы Совета подписываются Председателем Совета и членами Совета.<br>10.6. Передача полномочий членами Совета (за исключением Председателя Совета) иным лицам запрещается. |
| **11-БАП. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**<br>11.1. Қауымдастықтың қаржы- | **СТАТЬЯ 11 РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ** |

| | |
|---|---|
| шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Жалпы жиналыстың шешімімен тексеру комиссиясы құрылады.<br>11.2. Тексеру комиссиясының қызметкерлері Қауымдастық Кеңесінің құрамына сайланбайды.<br>11.3. Тексеру комиссиясы тікелей Жалпы жиналысқа бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді. | 11.1. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью Ассоциации решением Общего собрания образуется ревизионная комиссия.<br>11.2. Работники ревизионной комиссии не могут быть избраны в состав Совета Ассоциации.<br>11.3. Ревизионная комиссия непосредственно подчиняется Общему собранию и отчитывается перед ним о своей работе. |
| **Үшінші бөлім.**<br>**Қорытынды ережелер**<br><br>**12-БАП. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ОНЫҢ АҚЫСЫ**<br>12.1. Қауымдастық қызметкерлерінің жалақысы мен лауазымдық айлықақылар олардың біліктіліктеріне, функционалдық міндеттеріне сәйкес орнатылады.<br>12.2. Әкімшіліктің қызметкерлермен еңбек қатынастары қызметкердің кәсіби дағдылары, тараптардың өзара жауапкершілігі, қызметкердің әлеуметтік және құқықтық қорғалуы ескеріле отырып, еңбек шарты бойынша реттеледі.<br>12.3. Қауымдастықтың жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қауымдастықтың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес орнатылады. | **Третий раздел.**<br>**Заключительные положения**<br><br>**СТАТЬЯ 12. ТРУД И ЕГО ОПЛАТА**<br>12.1. Заработная плата и должностные оклады работников Ассоциации устанавливаются в соответствии с их квалификацией, функциональными обязанностями.<br>12.2. Трудовые отношения администрации с работниками регулируются по трудовому договору с учетом профессиональных навыков работника, взаимной ответственности сторон, правовой и социальной защищенности работника.<br>12.3. Режим работы Ассоциации устанавливается в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан и внутренними нормативными документами Ассоциации. |

| | |
|---|---|
| **13-БАП. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ**<br>13.1. Қауымдастықтың мүшелері мен лауазымды тұлғалары арасында Қауымдастықтың істері бойынша барлық даулар, Қауымдастықтың заңды және жеке тұлғалармен даулары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі. | **СТАТЬЯ 13. РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ**<br>13.1. Все споры по делам Ассоциации между ее членами и должностными лицами Ассоциации, споры Ассоциации с юридическими и физическим лицами решаются в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан. |
| **14-БАП. ҚАУЫМДАСТЫҚТЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**<br>14.1. Қауымдастық Жалпы жиналыста дауыс беруге қатысатын мүшелерінің ¾ бөлігінің шешімі бойынша қайта ұйымдастырылуы не жойылуы мүмкін.<br>14.2. Қауымдастықты Жалпы жиналыстың шешімі бойынша тарату кезінде бұл жөнінде Кеңес заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына жазбаша хабарлауға міндетті.<br>14.3. Жалпы жиналыс тарату комиссиясын Қауымдастық мүшелерінен тағайындайды және тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді.<br>Тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап оған Қауымдастықтың мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер өтеді.<br>14.4. Қауымдастықты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.<br>14.5. Қауымдастықтың қызметі қайта ұйымдастырылған не тоқтатылған жағдайда, барлық құжаттар (басқарушылық, қаржы-шаруашылық, жеке құрам бойынша және т.б.) белгіленген қағидаларға сәйкес оның мирасқорына өткізіледі.<br>14.6. Қауымдастық таратылған кезде ең алдымен Жарғыда көзделген тәртіппен және мөлшерде Қауымдастық мүлкі есебінен қамтамасыз етілетін оның даусыз қарыздары қанағаттандырылуға тиіс.<br>14.7. Қауымдастық таратылғаннан кейін, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін, қалған мүлік Қауымдастық сияқты бірдей немесе жақын мақсаттарды көздейтін коммерциялық емес ұйымға беріледі. | **СТАТЬЯ 14. РЕОРГАНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ АССОЦИАЦИИ**<br>14.1. Ассоциация может быть реорганизована или упразднена по решению 3/4 его членов, принимающих участие в голосовании на Общем собрании.<br>14.2. При ликвидации Ассоциации по решению Общего собрания, Совет обязан письменно сообщить об этом органу юстиции, осуществляющему регистрацию юридических лиц.<br>14.3. Общее собрание назначает ликвидационную комиссию из числа членов Ассоциации устанавливает порядок и сроки ликвидации.<br>С момента назначения ликвидационной комиссии к ней переходят полномочия по управлению имуществом и делами Ассоциации.<br>14.4. Реорганизация и ликвидация Ассоциации производится в порядке, предусмотренным действующим законодательством Республики Казахстан.<br>14.5. При реорганизации или прекращении деятельности Ассоциации все документы (управленческие, финансово-хозяйственные, по личному составу и др.) передаются в соответствии с установленными правилами его правопреемнику.<br>14.6. При ликвидации Ассоциации в первую очередь подлежат удовлетворению ее бесспорные долги, которые обеспечиваются за счет имущества Ассоциации, в порядке и размере, предусмотренных ее Уставом.<br>14.7. При ликвидации Ассоциации, после удовлетворения требований кредиторов, оставшееся имущество передается некоммерческой организации, преследующей те же или близкие цели, что и Ассоциация. |

| 15-БАП. ЖАРҒЫНЫҢ КҮШКЕ ЕНУІ, ОҒАН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ЕНГІЗУ | СТАТЬЯ 15. ВСТУПЛЕНИЕ В СИЛУ УСТАВА, ВНЕСЕНИЕ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В НЕГО |
|---|---|
| 15.1. Осы Жарғы оны мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап күшіне енеді.<br>15.2. Егер осы Жарғының бір ережесі жарамсыз болып қалса, бұл қалған ережелердің жарамдылығына ықпал етпейді. Жарамсыз ереже басқа, құқықтық тұрғыдан рұқсат етілген, ережеге ауыстырылады.<br>15.3. Осы Жарғыға барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша ресімделеді, оларға уәкілетті тұлғалар қол қояды және Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына тіркелуге ұсынылады және осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады. | 15.1. Настоящий Устав вступает в силу с момента его государственной регистрации.<br>15.2. Если одно из положений настоящего Устава становится недействительным, это не влияет на действительность остальных положений. Недействительное положение заменяется другим, допустимым в правовом отношении, положением.<br>15.3. Все изменения и дополнения к настоящему Уставу оформляются письменно, подписываются уполномоченными лицами и представляются в соответствующие государственные органы Республики Казахстан для регистрации и являются неотъемлемой частью настоящего Устава. |
| **Төраға**<br><br>___________________ | **Председатель**<br><br>___________________ |